

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен
қадағалау агенттігі



Агентство Республики Казахстан
по регулированию и надзору
финансового рынка и
финансовых организаций

050000, Алматы қаласы, Әйтеке би, 67
тел.: (327) 278 80 24, (327) 272 52 67,
факс: (327) 272 52 97

050000, г. Алматы, Айтеке би, 67
тел.: (327) 278 80 24, (327) 272 52 67,
факс: (327) 272 52 97

23.11.04. № 05-03-14/9492/16196

АО «Шымкент Мунай өнімдері»

г. Шымкент, ул. Лергенское шоссе, 7 км.

На исх. № 01-01/595 от 2.11.07г.

О регистрации изменений
в проспект выпуска объявленных акций

Агентство Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций произвело государственную регистрацию изменений в проспект выпуска акций акционерного общества «Шымкент Мунай өнімдері» и направляет один экземпляр изменений в проспект выпуска акций с отметкой Агентства о его регистрации.

Заместитель Председателя

Узбеков Г.Н.

Исполнитель: Баулубаева Ж.Ж., тел.: 272 08 42.



№

0000271

«ШЫМКЕНТ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ПРОСПЕКТІСІНЕ ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ

«Шымкент Мұнай Өнімдері» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) АКЦИЯЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ПРОСПЕКТІСІНДЕГІ мәліметтерге өзгерістер енгізілуіне байланысты:

1. Проспектінің 1-ші бөлімінің 5-ші бабы келесі басылымда оқылсын:

5. Қоғамның мекен – жайы телефон номері, факс және электрондық адресі:
Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Леңгір тас жолы,
7-ші км.
Телефон: 53-31-85, 53-31-82; факс: 53-31-81;
E-mail: rb001@mail.ru, www.sat.kz;

2. Проспектінің 2-ші бөлімінің 11-ші бабы келесі басылымда оқылсын:

11. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі:

1) Тәуелсіз директоры көрсетілген директорлар кеңесінің төрағасының және директорлар кеңесінің мүшелерінің аты жөні, туылған жылы:

- Дауталин Кадиржан Амангалиевич, 1970 жылы туылған – Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы;
- Космамбетов Ержан Тулебекович, 1978 жылы туылған – Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі;
- Ильяшев Альнур Кайратович, 1977 жылы туылған – Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі;

2) Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың соңғы үш жыл ішінде және қазіргі уақытта атқарып жүрген қызметтері, оған қоса қосалқы жұмысы, хронологиялық тәртіпте:

- Дауталин Кадиржан Амангалиевич - Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы:
- 2006 жылдың қараша айынан бастап осы күнге дейін – «SAT&Companу» Акционерлік қоғамының Басқарма мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары бизнесті дамыту және жаңа проектілер бойынша.
 - 2006 жылдың наурыз айынан 2006 жылдың қараша айына дейін «SAT&Companу» ЖШС-нің Бас директорының орынбасары бизнесті дамыту және жаңа проектілер бойынша.
 - 2006 жылдың тамыз айынан осы күнге дейін «Докар» ЖШС-нің Бас директоры.
 - 2006 жылдың шілде айынан 2006 жылдың желтоқсан айына дейін «Промышленная компания Эталон» Акционерлік қоғамының Вице-президенті.
 - 2005 жылдың мамыр айынан осы күнге дейін – «Kazakhstan Petrochemical Industries» Акционерлік қоғамының Вице-президенті.
 - 2006 жылдың шілде айынан осы күнге дейін – «КАЗГЕОКОСМОС» Акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің төрағасы.
 - 2006 жылдың қараша айынан осы күнге дейін – «Шымкент Мұнай Өнімдері» Акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің төрағасы.

- 2005 жылдың қыркүйек айынан осы күнге дейін – «Астананефтехим» ЖШС-нің Бас директоры.
- 2004 жылдың қазан айынан бастап - «SAT&Company» ЖШС-нің Бас директорының орынбасары
- 2004 жылдың қазанынан 2005 жылдың желтоқсанына дейін «SAT Operating Aktau» АҚ-ның және «SAT Operating Atyrau» АҚ-ның Бас директоры;

Космамбетов Ержан Тулебекович – қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі;

- 2006 жылдың қарашасынан 2007 жыл аралығында «Шымкент Мұнай өнімдері» АҚ-ның Бас директоры;
- 2006 жыл 2007 жылдар аралығында - «SAT&Company» АҚ-ның Басқарушы директоры;
- 2004 жыл 2005 жылдар аралығында – «Меркурий Снаб» ЖШС-ның Бас директорының орынбасары;

Ильяшов Альнур Кайратович - Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;

- 2003 жылдың желтоқсанынан бүгінгі күнге дейін – заңгер, Жеке тұлға;
- 2006 жылдың сәуірінен бүгінгі күнге дейін – «Компания Мейсад» ЖШС-ның заңгері;

3) акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы санынан, Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі пайызы:

Директорлар кеңесінің мүшелерінде Қоғамның акциялары жоқ;

4) акционерлік қоғамға тәуелді мекемелердің акцияларының жалпы санынан, Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі пайызы:

Директорлар кеңесінің мүшелерінде Қоғамға тәуелді мекемелердің акциялары жоқ;

5) соңғы екі жылда директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер және оның себебі:

1) 2006 жылдың 13 қарашасындағы Қоғамның акционерлерінің кезектен тыс жиналысында, акционерлермен төменде көрсетілген Қоғамның 07 шілде 2004 жылы сайланған директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату туралы шешім қабылданған:

- Тулеметов Канат Куанышбекович;
- Тулеметов Талгат Куанышбекович;
- Пралиева Алтынай Абдыхановна;
- Агабаев Кайрат Мирзахметович;

және Қоғамның жиналысында, акционерлермен үш адамнан тұратын директорлар кеңесін жаңа құрамда, үш жыл мерзімге сайлау туралы шешім қабылдаған:

- Дауталин Кадиржан Амангалиевич;
- Космамбетов Ержан Тулебекович;
- Дмитриев Станислав Сергеевич;

2) 2007 жылдың 25 маусымындағы акционерлердің жылдық жиналысында Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор - Дмитриев Станислав Сергеевич Қоғамның директорлар кеңесінің құрамынан өз еркімен шығуы туралы арызының негізінде өз өкілеттігін тоқтатты.

3. Проспектінің 2 бөлімінің 12 бабы келесі басылымда оқылсын:

«12. Акционерлік қоғамның коллегиялды атқару органы»

1) Акционерлік қоғамның жекеше атқару органының функцияларын орындаудағы тұлғаның аты-жөні, туылған жылы, немесе акционерлік қоғамның коллегиялды атқару органының мүшелерінің аты-жөні, туылған жылы;

Космамбетов Ержан Тулебекович 1978 жылы туылған – Қоғамның Бас директоры;

2) Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың соңғы үш жыл ішінде және қазіргі уақытта атқарып жүрген қызметтері, оған қоса қосалқы жұмысы, хронологиялық тәртіпте:

Космамбетов Ержан Тулебекович – қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі;

- 2006 жылдың қарашасынан 2007 жыл аралығында «Шымкент Мұнай өнімдері» АҚ-ның Бас директоры;

- 2006 жыл 2007 жылдар аралығында - «SAT&Company» АҚ-ның Басқарушы директоры;

- 2004 жыл 2005 жылдар аралығында – «Меркурий Снаб» ЖШС-ның Бас директорының орынбасары;

3) акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы санынан, Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларына тиесілі пайызы:

Қоғамның Бас директорында акциялар жоқ;

4. Проспектінің 2 бөлімінің 15 бабы келесі басылымда оқылсын:

15. Акционерлік қоғамының акционерлері.

10 және одан жоғары пайызы акциялары бар акционерлер жөнінде мәлімет:

«SAT&Company» Акционерлік қоғамы, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Масанчи көшесі № 26, Қоғамның орналастырған акциялардың – 99,4424 пайзын иеленуде;

5. Проспектінің 7 бөлімі 46 бабы келесі басылымда оқылсын:

46. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәлімет:

Қоғамның тіркеушісі – «Бағалы қағаздар тіркеу жүйесі» Акционерлік қоғамы

Орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Муратбаева көшесі, 75, байланыс телефондары: 53-57-90, 53-71-77;

Лицензия № 0406200345, 10.03.2005 жылы Қазақстан Республикасының қаржы мекемелерін және қаржы нарығын қадағалау Агенттігімен берілген.

Бағалы қағаздар иелерінің тізімін жүргізу туралы келесім шарт 02 ақпан 2005 ж. №000-В-2409/31а-р.

Қоғамның проспектісінің бір бөлігі ретінде Қоғаммен бағалы қағаз сатып алу кезіндегі бағасын анықтау Методикасы саналады.

Бас директор

Бас бухгалтер



Е.Т. Космамбетов

Ю.Л. Цой

ИЗМЕНЕНИЯ В ПРОСПЕКТ ВЫПУСКА АКЦИЙ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫМКЕНТ МУНАЙ ОНІМДЕРІ»

В связи с изменением сведений в ПРОСПЕКТЕ ВЫПУСКА АКЦИЙ АО «Шымкент Мунай онімдері» (далее по тексту-Общество):

1. Статью 5. раздела 1 Проспекта изложить в следующей редакции:

5. Информация о месте нахождении акционерного общества, номера контактных телефонов и факса, адрес электронной почты:

Республика Казахстан, Южно-Казахстанская область, г.Шымкент Ленгерское шоссе 7 км.

Телефон: 53-31-85; 53-31-82; Факс: 53-31-81;

E-mail: rb001@mail.ru, www.sat.kz;

2. Статью 11. раздела 2 Проспекта изложить в следующей редакции:

11. Совет директоров акционерного общества:

1) фамилия, имя, при наличии - отчество, год рождения председателя и членов совета директоров общества с указанием независимого директора:

- Дауталин Кадиржан Амангалиевич, 1970 года рождения - Председатель совета директоров Общества;

- Космамбетов Ержан Тулебекович, 1978 года рождения – Член совета директоров Общества;

- Ильяшев Альнур Кайратович, 1977 года рождения – Член совета директоров Общества, независимый директор;

2) должности, занимаемые лицами, указанными в подпункте 1) настоящего пункта, за последние три года и в настоящее время, в хронологическом порядке, в том числе - по совместительству:

Дауталин Кадиржан Амангалиевич – Председатель совета директоров Общества:

- с ноября 2006 года по настоящее время - Член правления, Заместитель председателя правления по развитию бизнеса и новым проектам АО «SAT & Company»

- с марта 2006 года по ноябрь 2006 года - Заместитель генерального директора по развитию бизнеса и новым проектам ТОО «SAT & Company»;

- с августа 2006 года по настоящее время – Генеральный директор ТОО «Докар»;

- с июля 2006 года по декабрь 2006 года – Вице-президент АО «Промышленная компания Эталон»;

- с мая 2005 года по настоящее время – Вице-президент АО «Kazakhstan Petrochemical Industries»;

- с июля 2006 года по настоящее время - Председатель Совета директоров АО «КАЗГЕОКОСМОС»;

- с ноября 2006 года по настоящее время - Председатель Совета директоров АО «Шымкент Мұнай онімдері»;

- с сентября 2005 года по настоящее время - Генеральный директор ТОО «Астананефтехим»;

- с октября 2004 года - Заместитель генерального директора ТОО «SAT & Company»,

- с октября 2004 года по декабрь 2005 года – Генеральный директор ТОО «SAT Operating Aktau» и ТОО «SAT Operating Atyrau»;

Космамбетов Ержан Тулебекович- Член совета директоров общества:

- с ноября 2006 года по 2007 год – Генеральный директор АО «Шымкент Мунай Онімдері»,
- с 2006 года по 2007 год – Управляющий директор АО «Sat&Company»,
- с 2004 года по 2005 год – Заместитель генерального директора ТОО «Меркурий Снаб»,

Ильяшев Альнур Кайратович – Член совета директоров Общества, независимый директор:

- с декабря 2003 г. по настоящее время – юрист, частное лицо;
- с апреля 2006 г. по настоящее время – ТОО «Компания Мейсад» юристконсульт;

3) процентное соотношение акций, принадлежащих членам совета директоров, к общему количеству акций (долей в уставном капитале), размещенных акционерным обществом:

членам совета директоров не принадлежат акции Общества,

4) процентное соотношение акций (долей в уставном капитале), принадлежащих членам совета директоров в дочерних и зависимых организациях, к общему количеству акций (долей в уставном капитале) данных организаций:

членам совета директоров не принадлежат акции (доли в уставном капитале) в дочерних и зависимых организациях,

5) изменения в составе совета директоров в течение предыдущих двух лет и причины указанных изменений:

1) 13 ноября 2006 года на внеочередном собрании акционеров Общества, акционерами было принято решение о прекращении полномочий, нижеперечисленных членов совета директоров Общества, избранных 07 июля 2004 года:

- Тулеметов Канат Куанышбекович;
- Тулеметов Талгат Куанышбекович;
- Пралиева Алтынай Абдыхановна;
- Агабаев Кайрат Мирзахметович;

также, на собрании Общества, акционерами было принято решение об избрании нового состава совета директоров, в количестве трех человек, сроком на три года:

- Дауталин Кадиржан Амангалиевич;
- Космамбетов Ержан Тулебекович;
- Дмитриев Станислав Сергеевич;

2) 25 июня 2007 года на годовом собрании акционеров член совета директоров Общества, независимый директор - Дмитриев Станислав Сергеевич прекратил полномочия, на основании уведомления об уходе из состава совета директоров Общества по собственному желанию.

3. Статью 12 раздела 2 Проспекта изложить в следующей редакции:

«12. Коллегиальный исполнительный орган акционерного общества:

1) фамилию, имя, при наличии - отчество, год рождения лица, осуществляющего функции единоличного исполнительного органа акционерного общества, либо

фамилию, имя, при наличии - отчество и год рождения каждого из членов коллегиального исполнительного органа акционерного общества;

Космамбетов Ержан Тулебекович 1978 года рождения - Генеральный директор Общества;

2) должности, занимаемые лицами, указанными в подпункте 1) настоящего пункта, за последние три года и в настоящее время, в хронологическом порядке, в том числе - по совместительству, с указанием полномочий;

Космамбетов Ержан Тулебекович:

- с ноября 2006 года по 2007 год - Генеральный директор АО «Шымкент Мунай Онімдері»,

- с 2006 года по 2007 год - Управляющий директор АО «Sat&Company»,

- с 2004 года по 2005 год - Заместитель генерального директора ТОО «Меркурий Снаб»,

3) процентное соотношение акций принадлежащих лицам, указанным в подпункте 1) настоящего пункта, к общему количеству акций, размещенных акционерным обществом.

Генеральному директору не принадлежат акции Общества.

4. Статью 15 раздела 2 Проспекта изложить в следующей редакции:

15. Акционеры акционерного общества.

Сведения об акционерах, владеющих 10 и более % акций:

Акционерное Общество «SAT & Company», место нахождения: Республика Казахстан, город Алматы, улица Масанчи дом № 26, владеет - 99,4424 % размещенных акций Общества;

5. Статью 46 раздела 7 Проспекта изложить в следующей редакции:

46. Сведения о регистраторе акционерного общества.

Регистратор Общества - Акционерное общество «Регистраторская система ценных бумаг» (сокращенное наименование АО «РСЦБ»)

Место нахождения: Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Муратбаева, 75, контактные телефоны: 53-57-90, 53-71-77.

Лицензия № 0406200345 от 10.03.2005 г., выданная Агентством Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций.

Договор на ведение реестра держателей ценных бумаг № 000-B-2409/31a-p от 02 февраля 2005 года.

6. Неотъемлемой частью проспекта выпуска акций Общества является Методика определения стоимости акций при их выкупе Обществом.

Генеральный Директор

Космамбетов Е.Т.

Главный бухгалтер

Цой Ю.Л.



«Шымкент Мұнай Өнімдері» АҚ-ның
акцияларын құнын төлеп сатып алған кезде
олардың құнын айқындау әдістемесі

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Шымкент Мұнай Өнімдері» АҚ-ның акцияларын құнын төлеп сатып алған жағдайда олардың құнын айқындаудың осы әдістемесі (бұдан әрі – **Әдістеме**) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңына және «Шымкент Мұнай Өнімдері» АҚ-ның Жарғысына сәйкес әзірленген және «Шымкент Мұнай Өнімдері» АҚ (бұдан әрі – **Қоғам**) орналастырған акцияларды құнын төлеп сатып алу тәртібін белгілейді.
2. Әдістемені Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен.
3. Әдістемеге енгізілген өзгертулерді Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы бекітеді.
4. Осы Әдістемеді төмендегі ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) *Қоғамның акциялары* – жай акциялар (НИН KZ1C03300015), Қоғамның акционерлерінің арасында орналастырылады және Қоғамды басқаруға қатысу, олар бойынша дивидендтер алу және Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық кесімдерімен көзделген басқа да құқықтарды куәландырады.
 - 2) *бағалы қағаздардың қайталама нарығы* – орналастырылған бағалы қағаздардың айналымы кезінде бағалы қағаздар нарығының субъектілерінің арасында қалыптасатын құқықтық қатынастар;
 - 3) *маркет-мейкер* – сауда-саттық ұйымдастырушылар өз қатарында таныған және Қоғамның акциялары бойынша екі жақты баға белгіленімін (сұраныс пен ұсыныс) үнемі жариялап әрі қолдап отыру туралы өзіне міндеттеме қабылдаған және сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес және маркет-мейкер қызметтерін көрсету туралы Қоғаммен жасалған шарттың талаптарына сәйкес әрекет ететін сауда-саттық ұйымдастырушылардың мүшесі;
 - 4) *бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы* – эмиссиялық бағалы қағаздардың және солар бойынша мәмілелер сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын басқа да қаржылық құжаттардың айналу саласы;
 - 5) *сауда-саттық ұйымдастырушылар* – қор биржасы және бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығындағы баға белгілейтін ұйым;
 - 6) *тіркеуші* – Қоғамның бағалы қағаздарын иеленушілердің тізілімдер жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын, бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушысы.

5. Әдістеменің күші Қоғам орналастырған акцияларды ол сатып алатын барлық жағдайларға таралады:
 - Қоғамның бастамасы бойынша;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда, акционердің талап етуі бойынша;
 - акционердің арызы бойынша;
 - соттың шешімі бойынша.
6. Орналастырылған акцияларды Қоғамның құнын төлеп сатып алуы оларды кейіннен сату, акционерлердің құқықтарын сақтау (Қоғамда акционерге тиесілі Қоғамның акцияларын сатып алу міндеті пайда болған кезде) мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін басқа мақсаттарда жүзеге асырылады.
7. Орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайтын акционерлерден Қоғамның құнын төлеп сатып алуы Қазақстан Республикасының валюталар туралы заңнамасы белгілеген талаптарды есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайтын акционерлер үшін белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.
8. Қоғам шығарған акцияларды Әдістемемен көзделген негіздемелер бойынша Қоғамның құнын төлеп сатып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.
9. Қоғам құнын төлеп сатып алған акциялар оның акционерлерінің жалпы жиналысының кворумын айқындау кезінде есепке алынбайды және онда дауыс беруге қатыспайды.
10. Қоғам құнын төлеп сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

2-тарау. ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ ҚОҒАМНЫҢ ҚҰНЫН ТӨЛЕП САТЫП АЛУЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

11. Қоғамның мүдделерін есепке ала отырып және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алып, Қоғамның Бас Директорының Қоғамның орналастырылған акцияларын Қоғамның құнын төлеп сатып алуы туралы Қоғамның Директорлар кеңесіне өтініммен жүгінуге құқығы бар. Бұл орайда Қоғамның Бас Директорының өтініміне акцияларды сатып алу бойынша ұсыныстар қоса тіркеліп, онда төмендегілер қамтылуға тиіс:
 - орналастырылған акцияларды Қоғамның құнын төлеп сатып алуының мақсатқа сай екеніне және мақсатына негіздеме беру;
 - Қоғамның сатып алуына ұсынылатын Қоғамның орналастырылған акцияларының саны және түрі;
 - орналастырылған акцияларды сатып алу құны немесе сатып алу құнын айқындау әдістемесі;
 - сатып алудың басқа да шарттары.
12. Қоғамның Бас Директорының өтініміне келіскен жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды Қоғамның құнын төлеп сатып алуы туралы шешім қабылдауға құқығы бар.
13. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Әдістемемен көзделген жағдайларда өзінің орналастырылған акцияларын Қоғамның сатып алуға құқығы жоқ.
14. Егер Қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын оның орналастырылған акцияларының саны акцияларды сатып алу-сату бойынша мәміле (мәмілелер)

жасалғанға дейінгі олардың жалпы санының бір пайызынан асып кетсе, Қоғам осындай сатып алу туралы Қоғамның Жарғысымен айқындалған бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жариялау жолымен өзінің акционерлеріне хабарлауға міндетті.

15. Қоғам құнын төлеп сатып алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс, ал қоғамның орналастырылған акцияларын құнын төлеп сатып алуға жұмсалатын қаражат Қоғамның меншікті капиталының мөлшерінің он пайызынан аспауға тиіс:

1) *орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алған кезде* – Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның акционерге тиесілі акцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құнын төлеп сатып алынуын талап етуге акционерге құқық беретін бір немесе бірнеше шешімі қабылданған күнгі ахуал бойынша;

2) *орналастырылған акцияларды Қоғамның талап етуі бойынша сатып алған кезде* – Қоғамның орналастырылған акцияларын құнын төлеп сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі ахуал бойынша.

16. Егер Қоғамның орналастырылған акцияларының акционерлер құнын төлеп сатып алуға мәлімдеген жалпы саны Қоғам сатып ала алатын акциялардың санынан асып кетсе, сатып алуға мәлімденген акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына сайма-сай сатып алынады.

17. Қоғамның өзінің акционерлерінен акцияларды құнын төлеп сатып алуы төмендегідей түрде есептеп шығарылатын пропорция коэффициентіне сәйкес жүзеге асырылады:

$$K = A / C, \text{ мұндағы}$$

K – пропорция коэффициенті;

A – Қоғам құнын төлеп сатып алынады деп жариялаған акциялардың жалпы саны;

C – акционерлер құнын төлеп сатып алуға мәлімдеген Қоғамның орналастырылған акцияларының саны.

Қоғам акционерден құнын төлеп сатып алатын акциялардың түпкілікті саны акционер құнын төлеп сатып алуға мәлімдеген акциялардың санын пропорция коэффициентіне көбейту жолымен есептеп шығарылады. Егер жоғарыда суреттелген есептеуді қолданудың нәтижесінде Қоғам акционерден құнын төлеп сатып алатын акциялардың саны акциялардың тұтас санына тең болмаса, Қоғам осындай акционерден құнын төлеп сатып алатын акциялардың саны кішірек немесе үлкенірек жағына дөңгелектенеді.

18. Қоғамның орналастырылған акцияларын оның құнын төлеп сатып алуы Қоғам акционердің жеке басын, оның әрекет қабілеттілігін, Қоғамның оған меншік құқығымен тиесілі акцияларының санын куәландырғаннан кейін, акцияларды сатып алу-сату Шартына және акцияларды есептен шығару/есепке жатқызу туралы Бұйрықтарға тараптар қол қойғаннан кейін және сатып алу-сату мәмілесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркелгеннен кейін жүзеге асырылады.

19. Акцияларды есептен шығару/есепке жатқызу туралы бұйрықтар (бұдан әрі – Бұйрықтар) акцияларға деген меншік құқығын акционердің беттік шотынан Қоғамның акцияларын иеленушілердің тізілім жүйесіндегі сатып алынған бағалы қағаздарға арналған Қоғамның шотына қайта тіркеуді жүзеге асыру үшін негіздеме болып табылады.

20. Сатып алу-сату шартында сатып алынатын акциялардың ақысына қолма-қол ақшасыз жолмен ақша аудару үшін акционердің (заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның) банктік деректемелері туралы мәлімет немесе акционерлер (жеке тұлға

акционерлер үшін) сатып алынатын акциялардың ақысына қолма-қол ақшаны ала алатын жер туралы мәлімет, дәл тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефоны міндетті түрде болуға тиіс.

21. Акционермен акцияларды сатып алу бойынша түпкілікті есеп айырысу Акцияларды сатып алу-сату шартымен белгіленген тәртіпте іске асырылады.
22. Қоғамның Директорлар кеңесінің акционердің келісімімен сатып алынатын акциялардың ақысын Қоғамның ақшадан өзге мүлкімен төлеу туралы шешім қабылдауға құқығы бар.
23. Осы Әдістеменің 2-тарауының тармақтарының күші осы Әдістеменің 3; 4; 5 және 6-тарауларына таралады.

3-тарау. ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ ҚОҒАМНЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ҚҰНЫН ТӨЛЕП САТЫП АЛУ

24. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және Қоғамның Жарғысымен басқаша белгіленбеген болса, Қоғамның өзінің бастамасы бойынша, акционердің келісімімен, Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешімінің негізінде Қоғам орналастырған акцияларды құнын төлеп сатып алуды жүзеге асыруға құқығы бар.
25. Қоғамның өзі орналастырған акцияларды төмендегі жағдайларда сатып алуға құқығы жоқ:
 - егер аталған акциялар орналастыру қорытындылары туралы есепхаты әлі бекітілмеген шығарылымның акциялары болып табылса, сол шығарылымның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепхат бекітілгенге дейін,
 - егер акцияларды құнын төлеп сатып алудың нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасы жарғылық капитал үшін белгілеген ең төменгі мөлшерден кем болып шықса;
 - егер акцияларды құнын төлеп сатып алу сәтіне қарай Қоғамда Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі нышандары болса, немесе аталған нышандар Қоғамда акцияларды сатып алудың нәтижесінде пайда болса;
 - егер сот немесе Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған болса;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Қоғамның Жарғысымен көзделген басқа да жағдайларда.
26. Егер Қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын оның орналастырылған акцияларының саны акцияларды сатып алу-сату бойынша мәміле (мәмілелер) жасалғанға дейінгі олардың жалпы санының бір пайызынан асып кетсе, ол осындай сатып алу туралы өзінің акционерлеріне хабарлауға және орналастырылған акцияларды содан кейін Әдістеменің 2-тарауында белгіленген тәртіпте сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.
27. Қоғамның Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінде акциялардың түрі, саны, сатып алу құны, оларды сатып алудың шарттары, сатып алу туралы өтініштер қандай мерзім ішінде қабылданатыны және акцияларды сатып алу қандай мерзім ішінде жүзеге асырылатыны және қандай мерзім өткенде Қоғамның оларды сатып алудан бас тартуға құқығы бар екені көрсетілуге тиіс.
28. Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы өтініштер қабылданатын мерзім өткеннен кейін Қоғамның жауапты қызметкерлері акционерлер сатып алуға мәлімдеген Қоғамның акцияларының санын Қоғам сатып алуға мәлімдеген акциялардың санымен салыстырады да, (қажет болған жағдайда) пропорция коэффициентін есептеп шығарады.

29. Акцияларды сатып алынған бағалы қағаздарға арналған Қоғамның шотына есепке жатқызу туралы акцияларды иеленушілердің тізілім жүйесінен алынған үзінді көшірменің негізінде Қоғамның жауапты қызметкері ақшаны аудару үшін бухгалтерияның өкімін дайындап, онда акционердің толық атауын немесе аты-жөнін, жеке басын куәландыратын құжатын, акционердің СТН-ін және ақша аударуға арналған банктік деректемелерін көрсетеді. Сонымен бір мезгілде Қоғамның жауапты қызметкері Акцияларды сатып алу-сату шартының көшірмелерін қоса тіркейді.
30. Бухгалтерия өкімінің негізінде акционер Акцияларды сатып алу-сату шартында көрсеткен деректемелерге ақшаны аударуды жүзеге асырады.
31. Тіркеуші Қоғамның сұратуы бойынша Қоғамның акцияларын иеленушілердің түпкілікті тізілімін қалыптастырады.
32. Директорлар кеңесінің сатып алынған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен сатып өткізу туралы шешім қабылдауға құқығы бар.

Акцияларды сатып алу құнын айқындау әдістемесі.

33. Акциялардың сатып алу бағасын айқындаған кезде Қоғамның Директорлар кеңесінің акцияларды төмендегі әдістердің бірімен айқындалған баға бойынша сатып алу туралы шешім қабылдауға құқығы бар.

- акциялардың ағымдағы нарықтық құны бойынша;
- акциялардың баланстық құны бойынша;
- бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы орташа өлшенген баға бойынша;
- бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы ағымдық нарықтық баға бойынша;
- Қоғамның маркет-мейкерінің сұраныс бағаламасының бағасы бойынша (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы ағымдық нарықтық баға болмаған жағдайда);

34. **Акцияларды ағымдағы нарықтық құны бойынша сатып алу.**

Қоғамның орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша құнын төлеп сатып алуы акциялардың ағымдық нарықтық бағасы бойынша іске асырыла алады, оны айқындаудың тәсілдері Әдістемеде көрсетілген.

Акциялардың ағымдық нарықтық бағасын айқындаған кезде жалпы қабылданған үш әдіс қолданылады: табыстық, салыстырмалы және активтердің құнының негізіндегі әдіс, олардың негізіне бүкіл акционерлік капиталдың нарықтық құнын айқындау алынады.

Табыстық әдістің шеңберінде бизнестің құны пайданы капиталға айналдыру әдісі арқылы және дисконтталған ақша ағындары әдісі арқылы айқындалуы мүмкін.

Салыстырмалы әдіс үш негізгі әдісті пайдалануды көздейді: капиталдар нарығының әдісі, мәмілелер әдісі және салалық коэффициенттер әдісі.

Активтердің құнының негізіндегі әдіс таза активтер әдісі арқылы айқындалады.

Акциялардың нарықтық құнын жоғарыда көрсетілген әдістермен есептегеннен кейін субъективті өлшеу әдісімен біртұтас нарықтық құны шығарылады.

35. **Акцияларды баланстық құны бойынша сатып алу.**

Қоғамның орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша құнын төлеп сатып алуы, егер акциялардың ағымдық нарықтық дәл құнын айқындау мүмкін болмаған жағдайда, акциялардың баланстық құны бойынша іске асырыла алады.

Бір акцияның баланстық құны меншікті капиталдың орналастырылған жай акциялардың жалпы санына қатынасы түрінде айқындалады.

36. Акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы орташа өлшенген баға бойынша сатып алу.

Қоғамның орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша құнын төлеп сатып алуы олардың орташа өлшенген нарықтық бағасы бойынша, орналастырылған акцияларды құнын төлеп сатып алу туралы жарияланған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн ішінде бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы үздіксіз қарсы аукцион әдісімен жасалған мәмілелер бойынша деректердің негізінде іске асырыла алады.

Қоғам акцияларды құнын төлеп сатып алу туралы жарияланған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн ішіндегі Қоғамның акцияларының орташа өлшенген нарықтық бағасын есептеу тек бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастырушының ресми деректерінің негізінде ғана іске асырылады. Акцияның орташа өлшенген бағасын есептеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында іске асырылады.

Қоғамның жай акцияларының орташа өлшенген нарықтық бағасы Қоғам шығарылған акцияларды құнын төлеп сатып алу туралы жарияланған күннің алдындағы отыз күнтізбелік күн ішінде сауда-саттықты ұйымдастырушы үздіксіз қарсы аукцион әдісімен іске асырған сауда-саттықта Қоғамның жай акцияларымен жасалған (ақшалай) мәмілелердің жиынтық көлемінің осындай мәмілелердегі жай акциялардың жиынтық санына қатынасы түрінде есептеп шығарылады және төмендегі формула бойынша жүзеге асырылады:

$P = V/Q$ мұндағы:

P - орналастырылған акцияларды құнын төлеп сатып алу туралы жарияланған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн ішіндегі жай акциялардың орташа өлшенген бағасы;

V – орналастырылған акцияларды құнын төлеп сатып алу туралы жарияланған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн ішіндегі Қоғамның жай акциялары бойынша жасалған мәмілелердің ақшалай бейнеленген жиынтық көлемі;

Q – орналастырылған акцияларды құнын төлеп сатып алу туралы жарияланған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелердегі жай акциялардың жиынтық саны.

Қоғамның артықшылықты акцияларының орташа өлшенген нарықтық бағасы осыған ұқсас әдіспен жоғарыда келтірілген формуланы қолдану арқылы есептеп шығарылады. Алайда тек Қоғамның артықшылықты акцияларымен жасалған мәмілелер ғана есепке алынады.

37. Қоғамның акцияларын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы ағымдық нарықтық баға бойынша сатып алу.

Қоғамның орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша құнын төлеп сатып алуы олардың бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан ағымдық нарықтық бағасы бойынша іске асырыла алады, оны сауда-саттық ұйымдастырушы өзінің бекітілген ішкі құжаттарына сәйкес есептеп шығарады және оның ресми Интернет-торабында апта сайын жариялап отырады.

Қоғамның Директорлар кеңесі орналастырылған акцияларды олардың бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан ағымдық нарықтық бағасы бойынша сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Қоғам акцияларды сатып алуды Қоғамның Директорлар кеңесі орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған

апта бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушы есептеген және жариялаған Қоғамның акцияларының ағымдық нарықтық бағасына тең баға бойынша жүзеге асырады.

38. Қоғамның акцияларын Қоғамның маркет-мейкерінің сұраныс бағаламасының бағасы бойынша сатып алу.

Қоғамның орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша құнын төлеп сатып алуы Қоғам мен маркет – мейкердің арасында жасалған шартқа сәйкес Қоғамның акциялары бойынша маркет – мейкердің функцияларын жүзеге асыратын маркет – мейкердің сұраныс бағаламасының бағасы бойынша іске асырыла алады.

Қоғамның Директорлар кеңесі орналастырылған акцияларды маркет – мейкердің сұраныс бағаламасының бағасы бойынша сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Қоғам акцияларды сатып алуды Қоғамның орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша сатып алатын күні маркет – мейкер Қоғамның акцияларына қойған маркет – мейкердің сұраныс бағаламасының бағасына сәйкес жүзеге асырады.

Егер Қоғамның акциялары бойынша маркет – мейкердің функцияларын бағалы қағаздар нарығының біреуден артық кәсіпқой қатысушысы жүзеге асыратын жағдайда, акцияларды сатып алу бағасы ретінде Қоғамның орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша сатып алатын күні қазіргі маркет – мейкерлер Қоғамның акциялары бойынша жариялаған Қоғамның акцияларына қойылған сұраныс бағаламаларының ең жоғарғы бағасы алынады.

39. Қоғамның акцияларды құнын төлеп сатып алуының басқа тәсілдері.

Акционерлер Қоғамның акцияларын бағалы қағаздардың қайталама нарығында сататын жағдайда, Қоғамның акцияларын сатқысы келген тұлғаға оларды Қоғамның өзінің немесе үшінші тұлғалардың ұсынылған бағадан артық баға бойынша сатып алуы туралы ұсыныс жасауға Қоғамның құқығы бар. Сатып алу туралы ұсыныста акциялардың саны, бағасы және Қоғамның деректемелері туралы мәлімет болуға тиіс.

4-тарау. АКЦИЯЛАРДЫ АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАП ЕТУІ БОЙЫНША ҚҰНЫН ТӨЛЕП САТЫП АЛУ

40. Орналастырылған акцияларды Қоғам Қоғамның акционерінің талап етуі бойынша іске асыруға тиіс, талапты акционер төмендегі жағдайларда қоя алады:

1) акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаса (егер акционер Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берген болса);

2) ірі мәмілені жасау туралы және (немесе) жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілені жасау туралы шешімге келіспеген жағдайда;

3) акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жарғысына аталған акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайда (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаған болса, немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімді қабылдауға қарсы дауыс берген болса).

41. Әдістеменің 40-тармағының 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген негіздемелер болған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар Кеңесі тиісті шешім қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде акционердің Қоғамға жазбаша арыз

- жолдау арқылы өзіне тиесілі акцияларды Қоғамның құнын төлеп сатып алуы туралы талап қоюға құқығы бар.
